

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күн	Хаттама №	Тіркеу №
1	Директорлар кеңесінің шешімі	«25» маусым 2021 ж.	№ 6	№ 61
2	Директорлар кеңесінің шешімі	«10» маусым 2022 ж.	№ 6	№ 55
3	Директорлар кеңесінің шешімі	«14» ақпан 2023 ж.	№ 2	№ 41
4	Директорлар кеңесінің шешімі	«19» наурыз 2026 ж.	№ 3	№ 26

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің  
« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж. № \_\_\_ хаттамасымен күші жойылды деп танылды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	2-бет 21-ден
---	--	-----------------

## 1-тарау. Жалпы ережелер

2-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 1-тарау 2-1 тармақпен толықтырылды.

1. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі - Жарғы), "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері (бұдан әрі – Комитеттер/Комитет): өз қызметін Директорлар кеңесінің шешімдеріне және Комитеттердің шешімдерімен бекітілетін өз жұмысының жоспарларына (бар болса) сәйкес жүзеге асыратын консультациялық кеңесші органдар болып табылады және Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған не Қор басқармасының қызметін бақылау және Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасына қажетті ұсынымдарды әзірлеу тәртібімен Директорлар кеңесі зерделейтін мәселелерді тереңдетін нысықтау үшін құрылады.

1) Қордың Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған аса маңызды мәселелерді алдын ала қарау және оларды кейіннен Қордың Директорлар кеңесі қарау үшін ұсынымдар дайындау үшін құрылады. Комитеттер қараған мәселелер бойынша түпкілікті шешімдерді Директорлар кеңесі қабылдайды;

2) Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша немесе Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де мәселелерді қарау үшін құрылады.

2-1. Комитеттердің қызметі Қордың Директорлар кеңесі бекітетін, Комитеттердің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, құзыретін, құрамдарын, олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, Комитеттердің жұмыс тәртібін айқындайтын осы Ережемен реттеледі.

3. Комитеттер өз қызметінде Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді.

4. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қорда мынадай Комитеттер құрылады:

1) Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті (бұдан әрі – Стратегиялық жоспарлау комитеті);

2) Директорлар кеңесінің Аудиторлық комитеті (бұдан әрі - Аудиторлық комитет);

3) Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет).

## 2-тарау. Комитеттердің негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреті

### § 1. Стратегиялық жоспарлау комитетінің негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреті

5-тармақтың 1)-тармақшасы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 14.02.2023 жылғы №2 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге *Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды, 7-тармақ 2-1)-тармақшамен толықтырылды.*

7-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.

5. Стратегиялық жоспарлау комитетінің негізгі мақсаттары:

1) Қор қызметінің тиімділігін, оның тұрақты дамуын арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу бойынша мәселелерді қоса алғанда, стратегиялық мақсаттарды, Қор

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	3-бет 21-ден
---	--	-----------------

қызметінің басым бағыттарын әзірлеу мәселелері бойынша ұсыныстар, ұсынымдар мен қорытындылар дайындау;

2) Стратегиялық жоспарлау комитетінің отырыстарына ұсынылған мәселелерді қарау нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жолымен Қордағы корпоративтік басқаруды жетілдіру.

6. Стратегиялық жоспарлау комитеті Жалғыз акционердің мүддесінде әрекет етеді және оның жұмысы осы Ережеде көзделген мақсаттарды іске асыру жолымен Қордың Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған.

7. Стратегиялық жоспарлау комитетінің құзыретіне мыналар жатады ~~өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:~~

1) алдын ала, Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру мақсатында мыналарды қарайды:

~~Қордың Корпоративтік даму стратегиясы, оның ішінде оның өзгерістерінің және/немесе толықтыруларының жобалары;~~

~~Қордың даму жоспары, сондай-ақ оның ағымдағы және жыл сайынғы түзетулері, даму жоспарының орындалуы туралы есеп, даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеу және бағалау;~~

~~Қордың ұзақ мерзімді сатып алуы және олардың өзгерістері және/немесе толықтырулары;~~

~~Қордың қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша есептер;~~

~~Қордың Корпоративтік даму стратегиясы мен даму жоспарының орындалу барысы туралы ақпаратты қамтитын Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын құжаттар;~~

~~Қордың осы Ережеде айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып, өз құзыреті шегінде жасалған ішкі құжаттары;~~

2) Қордың Директорлар кеңесіне Қордың филиалдарын құруға және жабуға қатысты ұсынымдар береді;

2-1) тұрақты даму аясында құжаттарды алдын ала қарау, тұрақты даму аясында қағидаттардың сақталуын мониторингілеу, тұрақты даму аясында қызметтің мақсаты мен негізгі көрсеткіштеріне жетуді бағалау;

3) Қордың Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Қордың ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде өзге мәселелер бойынша ұсынымдар береді.

1) Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру мақсатында:

Қордың корпоративтік даму стратегиясын, Қордың корпоративтік даму стратегиясына өзгерістерді және/немесе толықтыруларды;

Қордың даму жоспарын, оның ағымдағы және жыл сайынғы түзетулерін, оның іске асырылуына мониторинг жүргізу мен бағалауды қамтитын даму жоспарының орындалуы туралы есепті;

Қордың ұзақ мерзімді сатып алу тізбесін, Қордың ұзақ мерзімді сатып алу тізбесіне өзгерістерді және/немесе толықтыруларды;

Қордың қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша есептерді;

Қордың корпоративтік даму стратегиясының және/немесе даму жоспарының орындалу барысы туралы ақпаратты қамтитын құжаттарды;

Қордың тұрақты даму саласындағы, оның ішінде тұрақты даму саласындағы қағидаттардың сақталуына мониторинг жүргізу, тұрақты даму саласындағы қызметтің мақсаттары мен негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау бойынша құжаттар;

осы Ережеде, оның ішінде инвестициялық стратегияда және меншікті активтерді инвестициялау саясатында, сондай-ақ инвестициялық декларацияда айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қарай өз құзыретінің шегінде Қордың ішкі нормативтік құжаттарын;

Қор филиалдарын құру және жабу туралы мәселелерді алдын ала қарау;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	4-бет 21-ден
---	--	-----------------

2) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сараптамалық кеңес беру үшін тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерді жұмылдыру туралы ұсыныстарды қарау;

3) Қордың Директорлар кеңесіне Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар беру;

4) Стратегиялық жоспарлау комитетінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша және (немесе) Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де мәселелерді қарау.

## § 2. Аудиторлық комитеттің негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреті

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 10.06.2022ж. №6 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгеріс және толықтыруға сәйкес 10-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталды.*

*9-тармақтың 3) және 4)-тармақшалары, 10-тармақтың 1)-тармақшасының тоғызыншы абзацы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 14.02.2023 жылғы №2 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалды, 10-тармақтың 1)-тармақшасы оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші және он алтыншы абзацтармен толықтырылды.*

*10-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.*

8. Аудиторлық комитеттің негізгі мақсаттары:

1) Қор қызметінің барлық аспектілері бойынша тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің барабарлығы мен тиімділігін тәуелсіз, жан-жақты бағалау;

2) сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау;

3) Комитет отырыстарына ұсынылған мәселелерді қарау нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жолымен Қордағы корпоративтік басқаруды жетілдіру.

9. Аудиторлық комитет Жалғыз акционердің мүддесіне орай әрекет етеді және оның жұмысы Қордың Директорлар кеңесіне:

1) Қордың қаржы-шаруашылық қызметін (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу;

2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ Қордың корпоративтік басқару саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының орындалуын бақылау;

3) сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету барысын бақылау;

4) Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Қордың ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу жолымен ықпал етуге бағытталған.

10. Аудиторлық комитет құзыретіне мыналар жатады ~~өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:~~

~~1) алдын ала, Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру мақсатында мыналарды қарайды:~~

~~Қордың жылдық есебін растау бойынша аудиторлық қызметтерді (оның ішінде сыртқы аудиторға қойылатын талаптар және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшері) сатып алу бойынша өткізілген тендердің нәтижелері бойынша құжаттар;~~

~~Қордың жылдық қаржы есептілігі және аудит қорытындылары бойынша Қор басшылығының жауаптарын қоса алғанда, сыртқы аудиторлардың есебі;~~

~~Қордың есенке алу саясаты және салықтық есенке алу саясаты, сондай-ақ оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;~~

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	5-бет 21-ден
---	--	-----------------

Қордың Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау туралы, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қордың Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстар;

Қордың Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттары туралы ұсыныстар;

Қордың Ішкі аудит қызметі туралы ереже, саясат, ішкі аудит рәсімдері, ішкі бақылау жүйесі және Қордың Ішкі аудит қызметінің қызметін реттейтін басқа да құжаттар, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар;

Қордың Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоснары;

~~тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде берілетін Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есептер, сондай-ақ дайындалуына қарай жалпылама форматта, сондай-ақ тоқсан сайынғы негізде ұсынылатын Қор қызметін жасақарту бойынша бар кемшіліктер мен ұсынымдар туралы қорытындылар қамтылған тексеріс нәтижелері бойынша есептер;~~

~~сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаене қызметтің сандық құрамы, басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін тоқтату, сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаене қызмет жұмысының тәртібі туралы ұсыныстар;~~

~~сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаене қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен талаптары туралы ұсыныстар;~~

~~сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаене қызметі туралы ереже, сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаене қызметінің қызметін реттейтін басқа да ішкі нормативтік құжаттар және Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету мәселелері, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар;~~

~~Қорда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жылдық іс-шаралар жоснары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаене қызметінің жылдық жұмыс жоснары;~~

~~сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаене қызметінің қызметі туралы есеп;~~

~~есепті жыл үшін Қордың Корпоративтік басқару кодексінің ережелері мен қағидаттарын сақтау/сақтамау туралы есеп;~~

~~жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы омбудемен есебі және оның қызметінің есепті жылдағы нәтижелерін бағалау;~~

~~2) Қордың ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоснары шеңберінде тоқсандық жоспарларды қарайды және бекітеді;~~

~~3) қажет болған жағдайда Қордың басшылығымен және сыртқы аудиторымен қаржылық есептілікті, оны дайындау үдерісін, сондай-ақ қаржылық есептілікте найдаланылған қағидаттарды, қаржылық есептіліктегі маңызды бағалау көрсеткіштерінің, есептіліктің елеулі түзетулерінің негізділігі мен қолайлылығын талқылайды;~~

~~4) қажет болған жағдайда Қордың басшылығымен, Сыртқы аудиторлармен және Қордың ішкі аудит қызметінің басшысымен Қордың есеп саясатында ұсынылатын (болжамды) өзгерістерді және осы өзгерістердің есептілік мазмұнына қалай әсер ететінін талқылайды;~~

~~5) қажет болған жағдайда Қор басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы аудитормен кездесулер өткізеді;~~

~~6) сыртқы аудитор мен Қордың басшылығы арасындағы Қордың қаржылық есептілігіне қатысты кез келген елеулі келіспеушіліктерді қарайды;~~

~~7) Қордың Ішкі аудит қызметіне қойылған міндеттерді тиімді орындауға кедергі келтіретін шектеулер туралы мәселені қарайды және осындай шектеулерді (бар болса) жоюға ықпал етеді;~~

~~8) Қордың ішкі құжаттарына сәйкес Қордың Ішкі аудит қызметінің қызметіне бағалау жүргізеді;~~

~~9) қажет болған жағдайларда Қордың Ішкі аудит қызметінің мүдделі мәселелерге тәуелсіз тексерулер (бағалау) жүргізуіне бастамашылық жасайды;~~

~~10) сыртқы аудитор мен Қордың Ішкі аудит қызметінің ішкі бақылау жүйелерінің жай-күйі туралы есептерін талдайды;~~

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	6-бет 21-ден
---	--	-----------------

11) қажеттілігіне қарай Қордың тәуекелдерді басқарудағы және ішкі бақылаудың елеулі тәуекелдері мен мәселелерін және Қордың тиісті жоспарларын қарау үшін Қор басшылығымен кездесулер өткізеді.

1) Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру мақсатында:

Қордың жылдық қаржылық есептілігін және Қор басшылығының аудит қорытындысы бойынша жауаптарын қоса алғанда, сыртқы аудиторлар есебін;

Қордың есеп саясаты және салықтық есеп саясатын, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды;

Қордың ішкі аудит қызметі туралы ережені, ішкі аудит саясатын, рәсімдерін, ішкі бақылау жүйесін және Қордың ішкі аудит қызметінің қызметін реттейтін өзге де құжаттарды, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды;

Қордың ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын;

тоқсан сайын және жыл сайын ұсынылатын Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есептерді, сондай-ақ олардың дайындалуына қарай жалпыланған форматта, сондай-ақ тоқсан сайын ұсынылатын Қор қызметіндегі кемшіліктер туралы тұжырымдарды және жақсарту бойынша ұсынымдарды қамтитын тексеру нәтижелері бойынша есептерді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережені, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметін реттейтін өзге де ішкі нормативтік құжаттарды және Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды;

Қордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралардың жылдық жоспарын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жылдық жұмыс жоспарын;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі туралы есептерді;

есепті жылдағы Қордың корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау / сақтамау туралы есепті;

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі талаптарының сақталуы (пайдаланылуы) туралы, тәуекелдер картасы туралы, Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге негізгі тәуекелдердің әсерін талдау, тәуекелдерге ден қою (тәуекелдерді барынша азайту) бойынша іс-шаралардың орындалуы және Қордың меншікті активтері бойынша тәуекел сыйымдылығы мен тәуекелге төзімділік деңгейінің сақталуына мониторинг жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты қоса алғанда (бірақ олармен шектелмейді) тәуекелдер бойынша есептерді;

тәуекелдерге ден қою бойынша іс-шаралармен және тәуекелдер картасымен тәуекелдер тіркелімін;

тәуекел сыйымдылығы мен тәуекелге төзімділіктің жиынтық деңгейлерін;

тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын саясаттарды;

Қордың ішкі аудит қызметінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қордың ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстарды;

Қордың ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен талаптары туралы ұсыныстарды;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің сандық құрамы, басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін тоқтату, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстарды;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен талаптары туралы ұсыныстарды;

Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Қордың ішкі аудит қызметінің қызметін бағалауды алдын ала қарау;

2) Қордың ішкі аудит қызметіне қойылған міндеттерді тиімді орындауға кедергі келтіретін шектеулер туралы және мұндай шектеулерді (бар болса) жою шараларын қолдану туралы мәселелерді қарау;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	7-бет 21-ден
---	--	-----------------

3) Қордың қаржылық есептілігіне қатысты сыртқы аудитор мен Қор басшылығы арасындағы кез келген елеулі келіспеушіліктерді қарау;

4) Қордың жылдық қаржылық есептілігін растау бойынша аудиторлық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде тендер талаптарына қосу үшін техникалық ерекшелік жобасын, Қордың жылдық есебін растау бойынша аудиторлық қызметтерді сатып алу бойынша өткізілген тендер нәтижелері бойынша құжаттарды (оның ішінде сыртқы аудиторлық ұйымға/аудиторға қойылатын талаптар және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшері) қарау;

5) қажет кезде Қор басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз аудиторлық үдеріс аясында сыртқы аудитормен кездесулер өткізу;

6) қажет кезде Қордың басшылығымен және сыртқы аудитормен: қаржылық есептілікті, оны дайындау үдерісін, сондай-ақ пайдаланылған қаржылық есептілік қағидаттарының негізділігі мен қолайлылығын, қаржылық есептіліктегі елеулі бағалау көрсеткіштерін, есептілікті елеулі түзетулерді;

Қордың есеп саясатына ұсынылатын (болжанатын) өзгерістерді және осы өзгерістердің есептілік мазмұнына әсерін талқылау;

7) қажет жағдайларда Қордың ішкі аудит қызметінің мүдделі мәселелерді тәуелсіз тексеру (бағалау) жүргізуіне бастама жасау;

8) сыртқы аудиторы мен Қордың ішкі аудит қызметінің ішкі бақылау жүйелерінің жай-күйі туралы есептерін талдау;

9) елеулі тәуекелдер мен бақылау проблемаларын және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудағы Қордың тиісті жоспарларын қарау үшін Қор басшылығымен кездесулер өткізу;

10) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сараптамалық кеңес беру үшін тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерді жұмылдыру туралы ұсыныстарды қарау;

11) Қордың Директорлар кеңесіне Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар беру;

12) Аудиторлық комитеттің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша және/немесе Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де мәселелерді қарау.

### **§ 3. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреті**

*13-тармақтың 1) және 4)-тармақшалары «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 14.02.2023 жылғы №2 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалды, 13-тармақ 4-1), 4-2), 4-3), 4-4), 7-1) және 11-1)-тармақшалармен толықтырылды.*

*13-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.*

11. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің негізгі мақсаты кадрлар және Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы беру, әлеуметтік мәселелер аясында басым бағыттарды әзірлеу мәселелері бойынша Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну болып табылады.

12. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің міндеттері:

1) Қорды басқаруға білікті мамандарды тартуға және олардың табысты жұмыс істеуі үшін ынталандырулар жасауға ықпал ету;

2) корпоративтік әлеуметтік бағдарламаларды дамыту;

3) бөлімшелер басшылары немесе Қордың басшы қызметкерлері деңгейінде қатысушылар арасында өзара шешімін таппаған еңбек қарым-қатынасының этикалық нормалары саласында туындайтын мүдделер жанжалдарын шешу.

13. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес құзыретіне мыналар жатады:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	8-бет 21-ден
---	--	-----------------

1) Қор Басқармасының Төрағасы мен мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттік мерзімдері мерзімінен бұрын тоқтатылған не аяқталған жағдайда қайта тағайындау және Қор Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшері мен еңбекақы төлеу талаптарын анықтау туралы мәселелерді алдын ала қарайды;

2) Қор Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің жұмысын алдын ала бағалауды жүзеге асырады;

3) Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы беру туралы мәселені алдын ала қарайды;

4) Қордың Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы мөлшерін айқындау қағидаттары мен алғышарттарын айқындайтын ішкі құжатты және олардың қызметінің бағасын алдын ала қарайды;

4-1) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдарына үміткерлерге қойылатын критерийлер мен біліктілік талаптарын және Қордың Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын қоса алғанда, тағайындау тәртібін айқындайтын ішкі құжатты алдын ала қарайды;

4-2) есепті жылдағы Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметіне жүргізілген бағалау нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ тәуелсіз директор үміткерлеріне сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстарды алдын ала қарайды;

4-3) корпоративтік хатшыны тағайындау, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау туралы мәселелерді алдын ала қарайды;

4-4) Қор омбудеменін тағайындау, оның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату туралы мәселелерді алдын ала қарайды;

5) Директорлар кеңесінің мүшелері және Қордың қызметкерлері болып табылмайтын Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелеріне сыйақы беру туралы мәселені алдын ала қарайды;

6) Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын әлеуметтік мәселелер бойынша ұсыныстарды қарайды және ұсынады;

7) Қордың Директорлар кеңесіне Қордың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі мәселелеріне қатысты ішкі құжаттарды бекіту жөнінде ұсыныстар береді;

7-1) жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы омбудеменнің есебін алдын ала қарайды және оның есепті жылдағы қызметінің нәтижелеріне бағалау жүргізеді;

8) Қордың Директорлар кеңесіне осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар береді;

9) корпоративтік мәдениетті дамыту жөніндегі ұсыныстарды қарайды;

10) Қордың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі құжаттарының талаптарының анықталған немесе болжалды бұзушылықтарына қатысты Қор қызметкерлерінің жүгінулері мен өтініштерін қарайды;

11) қатысушылар арасында бөлімшелер басшылары немесе Қордың басшы қызметкерлері деңгейінде шешілмеген өзара еңбек қарым-қатынасының этикалық нормалары аясында туындайтын мүдделер қақтығысына байланысты мәселелерді қарайды;

11-1) корпоративтік дауларды оған Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы тартылған жағдайда қарайды;

12) осы Ережеде айқындалған Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес өзге де мәселелерді қарайды және Директорлар кеңесіне ұсыныстар, ұсынымдар мен қорытындылар береді.

1) Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру мақсатында:

Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдарына кандидаттарға қойылатын критерийлер мен біліктілік талаптарын және Қор Басқармасының төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын қоса алғанда, тағайындау тәртібін айқындайтын ішкі нормативтік құжатты;

Басқарманың кадр резерві кандидаттарының тізімі;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	9-бет 21-ден
---	--	-----------------

Қор Басқармасының төрағасы мен мүшелерінің сыйақы мөлшерін айқындау қағидаттары мен өлшемшарттарын және олардың қызметін бағалауды айқындайтын ішкі нормативтік құжатты;

омбудсменнің жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы есебін және оның есепті жылдағы қызметінің нәтижелеріне бағалау жүргізуді;

өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған не мерзімі аяқталған жағдайда, Қор Басқармасының төрағасы мен мүшелерін сайлау және қайта сайлау туралы, Қор Басқармасының төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу талаптарын, еңбек шарттарының елеулі талаптарын айқындау туралы мәселелерді;

Қор Басқармасының төрағасы мен мүшелерінің жұмысын бағалауды, олардың лауазымдық жалақыларының мөлшері және төлем талаптары бойынша ұсыныстарды;

Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйлықақы беру туралы мәселені;

есепті жылдағы Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметіне жүргізілген бағалау нәтижелері туралы ақпаратты, Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу критерийлерін айқындау мәселелерін, Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға кандидаттардың құрылымы, критерийлері мен сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстарды;

корпоративтік хатшыны тағайындау, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы беру талаптарын айқындау туралы мәселені;

Қор омбудсменін тағайындау туралы, оның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату туралы мәселені;

Директорлар кеңесінің мүшелері емес Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелеріне және Қордың қызметкерлеріне сыйақы беру туралы мәселені;

бөлімше басшылары немесе Қордың басшы қызметкерлері деңгейінде қатысушылар арасында шешімін таппаған еңбек қатынастарының әдепқ нормалары саласында туындайтын мүдделер қақтығысы туралы мәселені;

Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы қатысқан жағдайда корпоративтік жанжалдарды алдын ала қарау;

2) Қордың лауазымды тұлғаларының Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын анықталған немесе болжамды бұзушылықтарына қатысты Қор қызметкерлерінің жолданымдары мен өтініштерін қарау;

3) Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын әлеуметтік мәселелер бойынша ұсыныстарды қарау және беру;

4) Қордың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі мәселелеріне қатысты ішкі нормативтік құжаттарды бекіту бойынша Қордың Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру;

5) корпоративтік мәдениетті дамыту бойынша ұсыныстарды қарау;

6) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сараптамалық кеңес беру үшін тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерді жұмылдыру туралы ұсыныстарды қарау;

7) Қордың Директорлар кеңесіне Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар беру;

8) Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша және/немесе Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де мәселелерді қарау.

### **3-тарау. Комитет құрамы**

*15-тармақтың үшінші бөлігінің бірінші сөйлемі «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.*

*14-тармақтың бірінші бөлігі, 15-тармақтың бірінші және екінші бөлігі, 16-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 14.02.2023 жылғы №2 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге*

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	10-бет 21-ден
---	--	------------------

Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалды, 14-тармақ үшінші және төртінші бөліктермен, 18-тармақ екінші және үшінші бөліктермен толықтырылды, 15-тармақтың үшінші бөлігіне өзгерістер енгізілді.

14-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.

15-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда азатжолмен толықтырылды.

18-тармақтың үшінші азатжолы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.

14. Комитет Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері және белгілі бір комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар сарапшылар болып табылатын кемінде үш мүшеден тұрады және Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар сарапшылардан тұрады.

Бұл ретте Аудиторлық комитет тек Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерінен – тәуелсіз директорлардан тұрады.

Егер Директорлар кеңесі ерекше жағдайда тиісті негіздемелер бере отырып, осы тұлғаның Аудиторлық комитетке мүшелігі Жалғыз акционер мен Қордың мүдделеріне жауап береді деп шешсе, тәуелсіз болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі Аудиторлық комитеттің құрамына сайланады.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамына Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі Қордың тәуелсіз директорлары кіреді.

Стратегиялық жоспарлау комитеті мен Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті мүшелерінің көпшілігі – тәуелсіз директорлар.

Директорлар кеңесінің мүшелері емес Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшелерін Стратегиялық жоспарлау комитеті төрағасының ұсынымы бойынша Қордың Директорлар кеңесі тағайындайды.

15. Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар сарапшылар Қор қызметкерлері және (немесе) Қордың қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалар бола алады.

Комитет мүшесі- сарапшы лауазымына үміткерді Директорлар кеңесі:

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетке үміткерлерге қатысты Қордың Басқарма төрағасының немесе оны алмастырушы тұлғаның ұсынуы бойынша;

Стратегиялық жоспарлау комитетіне үміткерлерге қатысты Стратегиялық жоспарлау комитеті төрағасының ұсынысы бойынша сайлайды.

Директорлар кеңесінің мүшесі, Қордың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің қызметкері болып табылмайтын тұлға Комитет мүшесі-сарапшы болып сайланса, Комитеттің аталған мүшесімен азаматтық-құқықтық шарт жасалады, оған Қордың атынан Қордың Басқарма Төрағасы қол қояды. Шақырылған Комитет мүшесі-сарапшымен жасалған азаматтық-құқықтық шарт Қордың Директорлар кеңесі Комитет мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап Қордың бастамасымен мерзімінен бұрын бұзылған болып саналады. Бұл ретте Қор Директорлар кеңесі қабылдаған шешім туралы Комитет мүшесін дереу хабардар етуге міндетті.

Комитеттер, қажет кезде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сараптамалық кеңес беру үшін тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерді жұмылдырады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	11-бет 21-ден
---	--	------------------

16. Қордың Директорлар кеңесі отырысқа қатысқан Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен Комитет төрағасы мен мүшелерін сайлайды.

17. Комитеттің төрағасы болып Директорлар кеңесінің мүшесі - Қордың тәуелсіз директоры Қордың Директорлар Кеңесінің өз өкілеттіктерін орындау мерзіміне сайланады.

18. Комитет мүшелігіне үміткерлердің жоғары білімі, корпоративтік басқару/құқықтану/экономика және қаржы саласында жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

Аудиторлық комитет мүшелерінің бухгалтерлік есеп және аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында білімі және практикалық тәжірибесі болуы тиіс.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті мүшелерінің кемінде қызметкерлерді басқару және оның қызметін бағалау саласында, сондай-ақ корпоративтік басқару аясында саласында білімі мен практикалық тәжірибесі болуы тиіс.

19. Комитет мүшелерінің өкілеттігі мынадай жағдайларда:

1) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Комитет мүшелерінің барлық немесе бір бөлігінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін;

2) ықтияры бойынша, Комитет мүшесі лауазымынан босату туралы өтініші негізінде;

3) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін;

4) Қор қызметкері болып табылатын Комитет мүшесінің еңбек шартының қолданылуы бұзылған немесе тоқтатылған жағдайда;

5) Директорлар кеңесінің мүшесі және Қордың қызметкері болып табылмайтын Комитет мүшесінің азаматтық-құқықтық шарты мерзімінен бұрын бұзылған немесе күші тоқтатылған жағдайда тоқтатылады.

#### 4-тарау. Комитет Төрағасы

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 4-тарау 20-1 тармақпен толықтырылды.*

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 14.02.2023 жылғы №2 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 4-тарау 20-2-тармағымен, 20-тармақ 5) және 6)-тармақшалармен толықтырылды.*

20. Комитет Төрағасы төмендегі қызметтерді жүзеге асырады:

1) Комитет отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

2) қажет болған жағдайда ағымдағы жылға арналған комитеттің кезекті отырыстарының жоспарын әзірлейді;

3) Комитет отырыстарының күн тәртібін құрады;

4) Комитеттің хаттамалары мен шешімдеріне қол қояды;

5) осы Ереженің 5-қосымшасына сай нысан бойынша Комитет қызметі туралы есепті дайындайды және Директорлар кеңесі алдында жыл ішіндегі қызмет қорытындылары туралы есеп береді;

6) Директорлар кеңесіне Комитеттің ағымдағы қызметі туралы есепті Директорлар кеңесі белгілеген мерзімде және Директорлар кеңесінің талабы бойынша береді.

20-1. Комитет Төрағасы Комитеттің отырысында болмаған жағдайда, оның қызметін Комитеттің отырысқа қатысушы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын шешімі бойынша Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі—тәуелсіз директоры болып табылатын Комитет мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

20-2. Комитет төрағасы кәсіби құзыреттілігімен қатар ұйымдастыру және көшбасшылық қасиетті, өзі басқаратын Комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін жақсы коммуникативтік дағдыны игеруі тиіс.

#### 5-тарау. Комитет хатшысы және оның өкілеттік мерзімі

*21-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 14.02.2023 жылғы №2 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері*

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	12-бет 21-ден
---	--	------------------

туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды, 5-тарау 22-1-тармағымен толықтырылды.

22-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.

21. Комитет жұмысын ұйымдастыру үшін, Комитет немесе Директорлар кеңесі Қор қызметкерлерінің немесе Комитет мүшелерінің арасынан Комитет хатшысын тағайындайды немесе оның міндеттерін Қордың корпоративтік хатшысы (немесе оны алмастыратын тұлға) орындайды.

22. Комитет хатшысының өкілеттік мерзімі Комитеттің өкілеттігінің мерзімінен аспауы тиіс, бұған оның міндеттерін корпоративтік хатшы атқаратын жағдай қосылмайды.

22-1. Комитет хатшысы:

- 1) Комитет отырысын дайындауды және жүргізуді;
- 2) отырысқа материалдарды жинайды және жүйелеуді;
- 3) Комитет мүшелеріне және шақырылған тұлғаларға Комитет отырысын жүргізу туралы хабарламаларды, отырыстың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақытында бағыттауды;
- 4) отырыстарды хаттамалауды, Комитеттің сырттай дауыс беру қорытындыларын ресімдеуді, сондай-ақ Комитет отырыстарының хаттамаларын, шешімдерін, бюллетендерін, материалдарын кейіннен сақтауды;
- 5) Комитет хаттамаларынан (шешімдерінен) үзінді көшірмелерді беруді;
- 6) осы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді орындауды қамтамасыз етеді.

## **6-тарау. Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

23. Комитет мүшелері:

- 1) Комитет төрағасына Комитет отырысының ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген жазбаша хабарлама жіберу арқылы Комитет отырысын өткізуді талап етуге;
- 2) Комитет қарайтын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге (Комитет қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, Комитет мүшесі өз көзқарасын жазбаша түрде баяндауға құқылы (ерекше пікір));
- 3) Комитет отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;
- 4) Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Кодексте және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де құқықтар.

24. Комитет мүшелері:

- 1) Комитеттің жұмысына қатысуға және оның барлық отырыстарына келуге;
- 2) лауазымдық міндеттерін орындау барысында белгілі болған барлық ақпараттың құпиялылығын сақтауға;
- 3) Комитет немесе Директорлар кеңесі қабылдауы тиіс шешімдерге байланысты мүдделер қақтығысының туындауы туралы Директорлар кеңесіне хабарлауға міндетті;
- 4) өз құзыреті шегінде және осы Ережеде көзделген тәртіппен Комитет мүшелері Қордың Директорлар кеңесі немесе Директорлар кеңесінің төрағасы белгілеуі мүмкін басқа да міндеттерді орындайды.

## **7-тарау. Комитет жұмысының тәртібі**

28-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда екінші бөлікпен толықтырылды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	13-бет 21-ден
---	--	------------------

26-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 14.02.2023 жылғы №2 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды, 7-тарау 25-1-тармағымен толықтырылды.

27-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.

31-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда азатжолмен толықтырылды.

25. Комитеттің жұмысы отырыс және сырттай дауыс беру жолымен шешімдер қабылдау нысанында жүзеге асырылады.

25-1. Комитет мүшелері бейнеконференция және (немесе) аудиоконференция арқылы (телефон арқылы не басқа байланыс құралдарын пайдалана отырып) телекоммуникациялық және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жүзбе-жүз нысанда өтетін Комитет отырысына қатыса алады. Осылайша қатысатын тұлға отырысқа жеке өзі қатысқан болып есептеледі және осы Ережеге сәйкес кворумды айқындау кезінде дауыс беруге және есепке алуға құқығы бар.

Телекоммуникациялық және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып Комитет отырысының өтуін техникалық қамтамасыз етуді Комитет хатшысының келісімі бойынша инфрақұрылымды дамыту және қолдау бөлімшесі жүзеге асырады.

26. Комитет отырысы қажеттілігіне қарай Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен бірге келісілетін осы Ереженің 6-қосымшасына сай нысан бойынша күнтізбелік жыл басталғанға дейін Комитет бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес өтеді. Комитет жұмыс жоспарына енбеген мәселелерді қарауға құқылы.

27. Комитеттің отырысы оның Төрағасының бастамасы бойынша немесе:

1) Комитеттің кез келген мүшесінің;

2) Директорлар кеңесі немесе Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін;-

3) Қор Басқармасының талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Аудиторлық комитеттің отырысы, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайлардан басқа, Ішкі аудит қызметінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

28. Комитет төрағасы отырысты шақыру туралы ұсынылған талапты 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарауға және отырысты шақыру бастамашысына қабылданған шешім туралы хабарламаны өзінің шешімі қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жіберуге міндетті.

Айрықша жағдайларда, кейінге қалдыруға болмайтын мәселелерді, сондай-ақ Қордың жылдық қаржылық есептілігі, жыл қорытындылары бойынша Қордың қызметі туралы есеп және Директорлар кеңесінің қарауына жылдық қаржылық есептілікпен және жыл қорытындылары бойынша Қордың қызметі туралы есеппен бір мезгілде шығарылатын және Комитеттердің алдын ала қарауына жататын өзге де мәселелер бойынша қарау қажет болған кезде Комитет Төрағасы отырысты шақыру туралы қойылған талапты қарауға және отырысты шақыру туралы талап жіберілген күні қабылданған шешім туралы хабарлама жіберуге міндетті.

29. Комитеттің отырысы аталған талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өтеді.

30. Егер оған Комитет мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, Комитет отырысының кворумы болады.

31. Шешімдер отырысқа қатысатын комитет мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады, дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс құқығы Комитет Төрағасында болады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	14-бет 21-ден
---	--	------------------

Комитет мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы шешімі белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

32. Комитет өз отырыстарына Басқарма мүшелерін және/немесе Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын шақыруға құқылы.

### **8-тарау. Комитет отырыстарына материалдар дайындау тәртібі**

*34-тармақтың екінші бөлігі «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда сөйлеммен толықтырылды.*

*33-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.*

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 8-тарау 33-1 тармақпен толықтырылды.*

*34-тармақтың бірінші азатжолы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.*

33. Комитеттің отырысына материалдар дайындауды Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелері мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) осы Ережегеңің 1-қосымшағасына сәйкее нысан бойынша түсіндірме жазбаны, және Комитеттің қарауына шығарылатын мәселе бойынша шешімнің жобасын және басқа өзге де материалдарды осы мәселеге бастамашы құрылымдық бөлімше дайындайды;

2) Басқарма Төрағасы бастамашылық жасалған мәселе бойынша түсіндірме жазбаға қол қояды (Ішкі аудит қызметінің басшысы Ішкі аудит қызметіне қатысты мәселелер бойынша түсіндірме жазбаға қол қояды);

23) Комитет хатшысы Комитеттің қарауына шығарылатын барлық материалдардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

33-1. Комитеттер отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарға қойылатын талаптар:

1) Комитеттердің қарауына шығарылатын материалдардың әр бетіне осы мәселеге бастамашы болған Қордың құрылымдық бөлімшесінің басшысы бұрыштама қоюы тиіс;

2) Комитеттердің қарауына шығарылатын мәселе бойынша түсіндірме жазба үш бет мәтіннен аспауы тиіс, осы мәселені қарауға бастамашы болған құрылымдық бөлімшенің, осы мәселе құзыретіне қатысты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерге жетекшілік ететін Қордың басшы қызметкерлері (Басқарма төрағасының орынбасары, басқарушы директорлар) бұрыштама қояды;

3) Комитеттер шешімінің жобасына осы мәселені қарауға бастамашы болған құрылымдық бөлімшенің, осы мәселе құзыретіне қатысты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, құрылымдық бөлімшелерге жетекшілік ететін Қордың басшы қызметкерлері (Басқарма төрағасының орынбасары, басқарушы директорлар), сондай-ақ заң бөлімшесінің басшысы және оған жетекшілік ететін Қордың басшы қызметкері бұрыштама қояды;

4) Қор Басқармасының бастамасы бойынша шығарылатын мәселелер бойынша міндетті түрде Басқарма шешімінен үзінді көшірме ұсынылады.

34. Комитеттің хатшысы отырыстың күн тәртібіндегі көрсете отырың мәселелер бойынша материалдарды қоса беріп, Комитеттің барлық мүшелерсіне жазбаша хабарлама жібереді және оларға отырыс өткізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей күн тәртібіндегі әрбір тармақты бойынша барлық қажетті ақпараттың ұынуын берілуін қамтамасыз етеді.

Ерекше жағдайларда, кейінге қалдыруға болмайтын мәселелерді қарау қажет болған кезде отырыс туралы хабарлама кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын жіберілуі мүмкін. Бұл ретте,

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	15-бет 21-ден
---	--	------------------

Комитеттердің алдын ала қарауына жататын, Қордың жылдық қаржы есептілігін, Қордың жыл қорытындылары бойынша қызметі туралы есепті қарау мәселелері бойынша және Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын өзге де мәселелер бойынша отырыс өткізу туралы хабарлама мен материалдар отырыс өткізілгенге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

### **9-тарау. Комитет шешімдерін ресімдеу тәртібі**

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 10.06.2022ж. №6 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгеріс және толықтыруға сәйкес 9-тарау 38-1 тармақпен толықтырылды.*

35. Комитеттің отырысында қабылданған шешімдері осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

Сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдер осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шешім түрінде ресімделеді.

Комитеттің хаттамасы/шешімі әрбір өткізілген күндізгі отырыстың, Комитеттің сырттай дауыс беру нәтижелері бойынша, ол өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жасалады. Хаттамаға/шешімге Комитеттің Төрағасы мен хатшысы қол қояды. Хаттамалар Комитет хатшысында сақталады.

36. Сырттай дауыс беру жағдайында Комитет мүшелеріне күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша материалдар және сырттай дауыс беру бюллетені осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысанда жіберіледі.

37. Комитеттің хаттамалары мен шешімдерін тіркеуді Комитет хатшысы жүзеге асырады. Тіркеу журналы реттік тіркеу нөмірлерін, Комитет қараған мәселелер және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпаратты қамтиды.

38. Комитет хаттамаларын, сондай-ақ сырттай дауыс беру бюллетендерін есепке алуды және сақтауды Комитет хатшысы жүргізеді.

38-1. Комитет шешімі ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде бұл шешімді қабылдауға негіз болған бюллетендердің көшірмелері тіркеліп Комитет мүшелеріне жіберілуі тиіс.

### **10-тарау. Комитет мүшелеріне сыйлықақы беру**

*39-шы және 40-тармақтар «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.*

39. Комитет Төрағасының және Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор болып табылатын Комитет мүшесінің сыйақысы Қордың Жалғыз акционері бекітетін Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға сыйақылар мен өтемақылар туралы қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

40. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларды қоспағанда, Қордың қызметкерлері, Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын Комитет мүшелеріне сыйақы көзделмеген.

41. Директорлар кеңесінің мүшелері, Қордың қызметкерлері болып табылмайтын Комитет мүшелерінің сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімі негізінде белгіленеді.

42. Директорлар кеңесінің мүшелері және Қордың қызметкерлері болып табылмайтын Комитет мүшелеріне сыйақы беру туралы мәселені Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті алдын ала қарайды, одан әрі осы мәселені Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарады.

### **11-тарау. Қорытынды ережелер**

*43-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 ж. №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда баяндалды.*

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	16-бет 21-ден
---	--	------------------

43. Осы Ережені, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды Қордың Директорлар кеңесі бекітеді Корпоративтік хатшы осы Ереженің өзекті мазмұны үшін жауапты болады.

44. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының немесе Кодекстің өзгеруі нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары оған қайшы болса, Ереженің бұл нормалары күшін жояды және Ережеге тиісті өзгерістерді енгізген сәтке дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың Жарғысы мен Кодексін басшылыққа алу қажет.

**Басқарма Төрағасы**

**Ж.Б. Курманов**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	17-бет 21-ден
---	--	------------------

*1-қосымша «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 жылғы №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес баяндалды.*

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің  
«28» маусым 2019 жылғы  
№ 3 хаттамасымен бекітілген  
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереженің  
1-қосымшасы

---

*(Директорлар кеңесі Комитетінің атауы)*

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша түсіндірме жазба**  
*(күн тәртібіндегі мәселенің мазмұны)*

Түсіндірме жазбада көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесі:

- бұл мәселе бойынша шешімді қарау және қабылдау қажеттілігіне негіздеме;
- шешімді қабылдаған жағдайда болжалды әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдары\*;
- шешімді іске асырумен байланысты болжалды қаржылық шығыстар\*;
- нақты мақсаттар, күтілетін нәтижелердің мерзімдері және шешімді қабылдаудан болатын болжалды тиімділік\*;
- ішкі құжаттарды кейіннен қабылданған шешімге сәйкестендіру қажеттілігі\*;
- өзге мәліметтер.

Бастамашы \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

**Лауазымы**

(қолы)

**Аты-жөні**

\* Бұл мәліметтер қажет кезде көрсетіледі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	18-бет 21-ден
---	--	------------------

2-қосымша «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 жылғы №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес баяндалды.

БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің  
«28» маусым 2019 жылғы  
№ 3 хаттамасымен бекітілген  
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереженің  
2-қосымшасы

Акционерлік қоғамның толық атауы: ~~«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы~~  
Акционерлік қоғамның Басқармасының атауы мен орналасқан жері орны:  
Отырысты өткізуілетін орын:  
Отырысты өткізуілетін күні мен және уақыты: «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ жыл \_\_. \_\_ ч.  
Отырысты өткізу бастамашысы туралы мәлімет:

### «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

(Директорлар кеңесі Комитетінің атауы)  
отырысының хаттамасы

№ \_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ жыл

#### Қатыстықандар:

##### Комитет төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

##### Комитет мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

**Шақыртылғандар:** (Қордың шақыртылған қызметкерлерінің және(немесе) шақыртылған тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі)

Комитет хатшысы (тегі, аты, әкесінің аты).

#### ~~Шақыртылғандар:~~

Отырыстың кворумын анықтау кезінде \_\_\_\_\_ (Директорлар Кеңесі Комитетінің атауы) (бұдан әрі - Комитет); отырысының кворумын анықтау кезінде Комитет хатшысы кворум бар екенін хабарлады (\_\_\_\_\_%).

#### Күн тәртібі:

1. (күн тәртібіндегі мәселенің атауы).
2. ....

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	19-бет 21-ден
---	--	------------------

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселесі бойынша \_\_\_\_\_ сөз сөйледі, өл мынаны хабарлады. *(баяндамашының тегі, инициалдары және лауазымы көрсетіледі) ... (баяндамашы баяндаған күн тәртібі мәселесінің қысқаша мазмұны).*

Мәселені талқылаған жағдайда, мәселені талқылауға қатысқан тұлғалардың тегі мен инициалдары және олардың түсініктемелерінің қысқаша мәні көрсетіледі).  
(Комитет мүшесінің ерекше пікірі (бар болса)).

Дауыс беруге қойылған шешім жобасы:

...

Дауыс беру қорытындысы:

- қолдағандар: ~~бірдауыстан~~ (\_\_\_\_\_.) *(бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен инициалдары)*
- қарсы болғандар: ~~жөң~~ *(бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен инициалдары)*
- қалыс қалғандар: ~~жөң~~ *(бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен инициалдары)*

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселесі бойынша \_\_\_\_\_ сөз сөйледі, өл мынаны хабарлады. ...

Дауыс беруге қойылған шешім жобасы:

Дауыс беру қорытындысы:

- қолдағандар: ~~бірдауыстан~~ (\_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.)
- қарсы болғандар: ~~жөң~~
- қалыс қалғандар: ~~жөң~~

Осылайша, шақырылған Баяндамашылардың сөздерін, Комитет мүшелерінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікірлерін тыңдап, ұсынылған құжаттарды қарап, Комитет мынадай **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Күн тәртібіндегі **Б**ірінші мәселе бойынша:  
*(шешімнің тұжырымдамасы жазылады).*

2. Күн тәртібіндегі **Е**кінші мәселе бойынша:  
*(шешімнің тұжырымдамасы жазылады).*

3. Комитеттің шешімдері олар қабылданған күннен осы хаттамаға қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қосымшалар: *(хаттамаға қоса берілетін құжаттар)*  
1) Түсіндірме жазба;

«БЖЗҚ» АҚ Комитетінің Төрағасы \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.  
*(тегі мен инициалдары)*

«БЖЗҚ» АҚ Комитетінің хатшысы \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.  
*(тегі мен инициалдары)*

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	20-бет 21-ден
---	--	------------------

3-қосымша «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 жылғы №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес баяндалды.

БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің  
«28» маусым 2019 жылғы  
№ 3 хаттамасымен бекітілген  
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереженің  
3-қосымшасы

Акционерлік қоғамның  
толық атауы:  
Акционерлік қоғамның  
Басқармасының атауы  
мен орналасқан орны  
жері:  
Қорытынды  
шығарылған орыны:  
Сырттай дауыс беруді  
жүргізу бастамашысы  
туралы мәліметтер:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік  
қоғамы

## "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы

(Директорлар кеңесі комитетінің атауы)

### шешімі

№ \_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20+\_ жыл

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "БЖЗҚ" АҚ, Қор) \_\_\_\_\_ (Директорлар Кеңесі Комитетінің атауы) (бұдан әрі - Комитет) сырттай өтірісі "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "БЖЗҚ" АҚ, Қор) Қор Комитетінің төрағасы мен мүшелеріне сырттай дауыс беру үшін құжаттар мен бюллетеньдерді жіберу арқылы сұрастыру жолмен өтті.

Комитет мүшелерінен белгіленген мерзімде алынған сырттай дауыс беру бюллетеньдеріне сәйкес, дауыс беруге қатысқандар:

Комитет Төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Комитет мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Комитет хатшысы \_\_\_\_\_.

Қор Комитетінің төрағасы мен мүшелерінен белгіленген мерзімде алынған сырттай дауыс беру бюллетеньдеріне сай күн тәртібі бойынша дауыс беру қорытындыларын шығару үшін кворум бар (\_\_\_\_%).

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	21-бет 21-ден
---	--	------------------

**Күн тәртібі:**

1. (күн тәртібіндегі мәселенің атауы).
2. ....

**1. Күн тәртібінің Бірінші мәселесі бойынша**

(күн тәртібіндегі мәселенің қысқаша мазмұны)

**Дауыс беруге қойылған шешім жобасы:**

**2. Күн тәртібіндегі Екінші мәселе бойынша**

(күн тәртібіндегі мәселенің қысқаша мазмұны)

**Дауыс беруге қойылған шешім жобасы:**

~~Қор~~ Комитетінің төрағасы мен мүшелерінен белгіленген мерзімде алынған сырттай дауыс беру бюллетендері бойынша ~~күн тәртібіндегі~~ **қарастырылған мәселелер бойынша** дауыс берудің мынадай қорытындысы айқындалды:

~~күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:~~

~~–қолдағандар: \_\_\_\_\_~~

~~–қарсы болғандар: \_\_\_\_\_~~

~~–қалыс қалғандар: \_\_\_\_\_~~

~~күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:~~

~~–қолдағандар: \_\_\_\_\_~~

~~–қарсы болғандар: \_\_\_\_\_~~

~~–қалыс қалғандар: \_\_\_\_\_~~

(дауыс беруге қойылған шешім жобасымен мәселе):

- қолдағандар: (бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен инициалдары)

- қарсы болғандар: (бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен инициалдары)

- қалыс қалғандар: (бірауыздан дауыс беру жағдайларын қоспағанда, Директорлар кеңесінің дауыс берген мүшелерінің тегі мен инициалдары)

Дауыс беру қорытындысы бойынша «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Комитеті **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**1. Күн тәртібіндегі Бірінші мәселе бойынша:**

(шешімнің тұжырымдамасы жазылады).

**2. Күн тәртібіндегі Екінші мәселе бойынша:**

(шешімнің тұжырымдамасы жазылады).

**Комитеттің шешімдері олар қабылданған күннен бастап күшіне енеді.**

**3.** «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесі Комитетінің шешімдері олар қабылданған күннен осы шешімге қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қосымшалар: (шешімге қоса берілетін құжаттар)

1) Түсіндірме жазба \_\_\_\_\_;

2) Дауыс беру бюллетендері.

«БЖЗҚ» АҚ Комитетінің Төрағасы \_\_\_\_\_

Т.А.Ә.

(тегі мен инициалдары)

«БЖЗҚ» АҚ Комитетінің хатшысы \_\_\_\_\_

Т.А.Ә.

(тегі мен инициалдары)

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	22-бет 21-ден
---	--	------------------

4-қосымша «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2026 жылғы №3 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес баяндалды.

БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің  
«28» маусым 2019 жылғы  
№ 3 хаттамасымен бекітілген  
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереженің  
4-қосымшасы

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы  
\_\_\_\_\_ (бұдан әрі – Комитет)  
(Директорлар кеңесі Комитетінің атауы)  
төрағасы/мүшесі \_\_\_\_\_ (ТАӘ) сырттай дауыс беру  
(тегі, аты, әкесінің аты)

## БЮЛЛЕТЕНЬ

**Акционерлік қоғамның орналасқан өрны жері:** «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

**Акционерлік қоғам Басқармасының атауы мен орналасқан жері:** \_\_\_\_\_

**Сырттай дауыс беру қорытындысын шығаруылған орыны:** \_\_\_\_\_

**Сырттай дауыс беру қорытындысын шығаруылған күні және уақыт:** «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жыл.

**Акционерлік қоғамның толық атауы:** «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

**Сырттай дауыс беруді жүргізу өткізу бастамашысы туралы мәлімет:** \_\_\_\_\_

**Дауыс беруді өткізу туралы ұсыныстың түскен күні:** «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жыл.

**Бюллетень тапсырудың соңғы күні:** «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ жыл.

### 1. Комитет мүшелерінің қарауына шығарылған мәселе:

(күн тәртібіндегі мәселенің атауы)

Дауыс беруге қойылған шешім жобасы:

(шешімнің тұжырымдамасы жазылады)

\*Дауыс беру: таңдалған бағанға қол қою қажет

Мәселе №	«ҚОЛДАУҒАНДАР»	«ҚАРСЫ БОЛУҒАНДАР»	«ҚАЛЫС ҚАЛУҒАНДАР»
	1*	2*	3*
1-мәселенің 1) шешімі бойынша	қолы	қолы	қолы

**Ерекше пікір:** \_\_\_\_\_

(бар болса)

### 2. ...

Ерекше пікір болған кезде Комитет мүшесі жазбаша нысанда ресімдейді және сырттай дауыс беру бюллетеніне қоса беріледі.

### 2. Комитет мүшелерінің қарауына шығарылған мәселе:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	23-бет 21-ден
---	--	------------------

**Дауыс беруге қойылған шешім жобасы:**

\* **Дауыс беру:** таңдалған бағанға қол қою қажет

№	«ҚОЛДАҒАНДАР»	«ҚАРСЫ БОЛҒАНДАР»	«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»
	1*	2*	3*
2-мәселенің 1) шешімі бойынша			
2-мәселенің 2) шешімі бойынша			

**Ерекше пікір:** \_\_\_\_\_

(бар болса)

Комитет шешімі «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылы күшіне енеді. \_\_\_\_\_

(қолы)

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	24-бет 21-ден
---	--	------------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 14.02.2023 жылғы №2 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылды.

БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің  
«28» маусым 2019 жылғы  
№ 3 хаттамасымен бекітілген  
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереженің  
5-қосымшасы

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесіне

\_\_\_\_\_ жыл үшін \_\_\_\_\_ қызметі туралы есеп  
(Директорлар кеңесі комитетінің атауы)

1. 20\_\_ жылдың ішінде (бұдан әрі – есепті кезең) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «БЖЗҚ» АҚ, Қор) \_\_\_\_\_ (Директорлар кеңесі комитетінің атауы) (бұдан әрі - Комитет) келесідей тұлғалар кіреді:

лауазымы, аты-жөні	Кезеңі	Мәртебесі	Комитет мүшесін сайлау күні
	___. __. 20__ - 31.12.20__ жж.	Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы/мүшесі/сарапшы	

2. Есепті кезең үшін Комитет құрамында келесідей өзгерістер болды:  
(барлық өзгерістер көрсетіледі, мысалы, Комитет мүшесі өкілеттігінің тоқтатылуы, Комитеттің жаңа мүшесін сайлау).

3. Есепті кезең ішінде Қордың Комитеті \_\_\_ отырыс пен сырттай дауыс берулерді өткізді, оның ішінде:

\_\_\_ отырысы:

- 1) «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ хаттама;
- 2) «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ хаттама;
- 3) «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ хаттама;
- 4) «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ хаттама.

\_\_\_ сырттай дауыс беру:

- 5) «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ шешім;
- 6) «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ шешім;
- 7) «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ шешім;
- 8) «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ шешім.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	25-бет 21-ден
---	--	------------------

Комитет мүшелерінің сырттай дауыс беру бюллетендері белгіленген мерзімде берілді.

4. Есепті кезең үшін Комитет мүшелері тиісті түрде Комитет отырыстарына қатысты және оның жұмысына белсенді қатысты. Атап айтқанда, Комитет мүшелері оның отырыстарына келесідей түрде қатысты және сырттай дауыс берді:

Аты-жөні	Отырыс	Сырттай дауыс беру
	_*/_**	_*/_**
<p>* Комитет мүшесі қатысқан отырыстардың жалпы саны;</p> <p>** Комитет мүшесі қатысуы мүмкін болған отырыстардың жалпы саны.</p>		

5. Есепті кезеңде Комитет өз құзыретіне қатысты \_\_\_ мәселелерді қарады.

Комитет келесідей мәселелерді қарады:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;

6. Директорлар кеңесінің Комитеттің жекелеген ұсыныстарын және (немесе) ұсынымдарын қабылдамау себептері.

**Комитет төрағасы**

аты-жөні

**Комитет хатшысы**

аты-жөні

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже	26-бет 21-ден
---	--	------------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 14.02.2023 жылғы №2 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеге Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес б-қосымшамен толықтырылды.

БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің  
«28» маусым 2019 жылғы  
№ 3 хаттамасымен бекітілген  
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереженің  
б-қосымшасы

\_\_\_\_\_ жылға \_\_\_\_\_ жұмыс жоспары  
(Директорлар кеңесі комитетінің атауы)

№	Комитет отырысын өткізу айы (Директорлар кеңесі комитетінің атауы)	Күн тәртібіндегі мәселелердің атауы	Бөлімше атауы, жауапты тұлғаның лауазымы	Өткізу нысаны (жүзбе-жүз отырыс/сырттай дауыс беру)
_____ жылдың I тоқсаны				
1.				
2.				
_____ жылдың II тоқсаны				
3.				
4.				
_____ жылдың III тоқсаны				
5.				
6.				
_____ жылдың IV тоқсаны				
7.				
8.				

\*Осы жоспарда көзделген мәселелер толық емес. Қажет болған жағдайда \_\_\_\_\_  
(Директорлар кеңесі комитетінің атауы) осы жоспарға енгізілмеген мәселелерді қарайды.